Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақтелеком" АҚ, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шартқа қол қойылған сәттен бастап Тауар Өнім берушінің меншік құқығына тиесілі екенін, Тауарға қатысты үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары және (немесе) ауыртпалықтары жоқ екенін, оның ішінде: Тауарды иеліктен шығару тыйымы салынбағанын, кепіл заты және үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің өзге тәсілі болып табылмайтынын, Тауарға қатысты заңдық талаптардың жоқ екенін, Тауардың заңнама талаптары бойынша айналымнан алып тасталмағанын және айналымда шектелмегенін, Қазақстан Республикасының аумағында сатуға тыйым салынбағанын растайды және кепілдік береді.

1.3. Жеткізілетін Тауар Тапсырыс берушіге жаңа, бұрын пайдаланылмаған (қолданылмаған немесе пайдаланылмаған) күйінде берілуі, сондай-ақ Шарттың барлық талаптарына және осы Тауарға қойылатын заңнама талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1.4. ЖЖМ жеткізу (өткізу) күні ЖЖМ-ды сатып алушыға нақты жөнелту (ЖЖМ алу) күні болып есептеледі. ЖЖМ жеткізу талон және/немесе карточкалық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте талондарды Тапсырыс берушіге беру фактісі Өнім берушінің ЖЖМ жеткізу бойынша міндеттемелерін орындағанын растау болып табылмайды (бұл тармақ ЖЖМ сатып алған жағдайда қолданылады).

1.5. Өнім беруші Тауардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келетіндігін және өз өндірісімен (Тәртіппен көзделген жағдайларда) жеткізілетіндігін растайды.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. ҚҚС-сыз _ _ _ _ % мөлшеріндегі аванстық төлем (алдын ала төлем) Өнім беруші авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және мынадай құжаттарды ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде (егер авансты қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну міндеті сатып алу тәртібінде және/немесе шарттарында көзделген жағдайда) жүргізіледі:

2.3.1.1. Төлем шоты;

2.3.1.2. Шарт бойынша аванстық төлем толық өтелгенге дейін қолданылу мерзімімен авансты қайтаруды қамтамасыз етуді енгізуді растау. Осы тармақтың күші авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Өнім берушінің Тауарды жеткізу жөніндегі өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайларына қолданылмайды.

2.4. әртіптің 61-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларда, Тапсырыс беруші Шарт сомасының кемінде 30% мөлшерінде (ұзақ мерзімді сатып алу кезінде — ұзақ мерзімді шарт қолданысының келесі 12 айына Тауарды жеткізу үшін көзделген соманың кемінде 30% -ы) Шарт жасалған және Өнім беруші алдын ала төлеуге шот берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді.. Осы тармақ сатып алынатын Тауарды өндіретін қазақстандық Тауар өндірушілерге не мүгедектер ұйымдарына (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғаларға) қолданылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.5. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.6. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды қоса алғанда, нақты жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Веб-порталда тауарды қабылдау-берудің электрондық актісіне Тапсырыс беруші қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде (тәртіпте тікелей көзделген жағдайларда 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей) және ұсынылған жағдайда жүргізеді Мынадай құжаттарды жеткізуші (олар қолданылған жағдайда):

2.6.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.6.2. Қазақстандық Тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме (егер Өнім беруші Қазақстандық Тауар өндіруші болып табылса);

2.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактура;

2.6.4. Веб-порталда қалыптастырылған және электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған Тауарды қабылдау-берудің электрондық актісі.

2.7. Тапсырыс берушінің Веб-порталда оған қол қойған күні Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күн болып есептеледі.

2.8. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

2.9. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.10. Нақты жеткізілген тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі (егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

2.11. Тауар монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарының талаптары бойынша жеткізілген жағдайда, техникалық ерекшелікте өзгесі көрсетілмесе, жеткізілген Тауар үшін түпкілікті есеп көрсетілген жұмыстар аяқталғаннан және Пайдалануға беру актісіне қол қойылғаннан кейін толық көлемде жүзеге асырылады.

2.12. Тапсырыс беруші ҚҚС-ты тиісті түрде ресімделген электрондық шот-фактура негізінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлейді.

2.13. Жеткізілетін Тауардың әрбір бірлігінің бағасы мен көлемі Сатып алынатын Тауардың тізбесінде көрсетілген (шартқа №1 қосымша) және тұрақты болып табылады және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзгертілмейді.

2.14. Шарт бойынша Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Бұл ретте, бейрезидент Өнім берушілермен есеп айырысу Тараптар келіскен бағам бойынша өзге валютада жүзеге асырылуы мүмкін.

2.15. Төлем осы Шартта көрсетілген банк деректемелері бойынша жүргізіледі.

2.16. Шарт бойынша төлемдер сомасы ҚР заңнамасына сәйкес бейрезиденттің кірістерінен ұсталуға жататын салықтар сомасына азаяды. Бұл ретте Өнім беруші Тапсырыс берушіден ҚР Заңнамасы бойынша салықтың ұсталғанын растайтын құжатты алуға құқылы. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция болған кезде, Өнім беруші Тапсырыс беруші елінің тиісті мемлекеттік органдарына ҚР бейрезидент заңды тұлғалардан табыс салығын қайтару немесе азайту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте ҚР бейрезиденті (Өнім берушінің атауы) (Өнім берушінің резиденттік елін көрсету) табыстың түпкілікті алушысы болып табылатынын растайды. Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы мен (Өнім беиушінің резиденттік елін көрсетіңіз) арасындағы Конвенцияны (бұдан әрі - Конвенция) қолдану мақсатында Өнім беруші: - табыс төленгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес апостильденген не заңдастырылған салықтық резиденттік туралы анықтама (түпнұсқа/ нотариалды куәландырылған көшірме); - бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған (құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмелер, сондай-ақ MLI (Multilateral Convention to Implement Tax Treaty Related Measures to Prevent Base Erosion and Profit Shifting) қолдану үшін қажетті қосымша мәліметтер. Бейрезидентте шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлер тізілімінде немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта) тіркеу жөніндегі міндеттеме болмаған жағдайда, мұндай бейрезидент салық агентіне осы бейрезидент тіркелген, құқықтық күші (заңды) шетелдің тиісті мемлекеттік органымен расталған бейрезидентті құру үшін негіз болып табылған шетел мемлекетінің құжатын (актісін) ұсынады. - Өнім берушінің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеменің құрылуына

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

әкелетін кез келген жүйелі 12 айлық кезең шегінде жалпы 183 күнтізбелік күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істемейтіні және/немесе орындамайтыны туралы растау-хат. Өнім беруші қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының салық резиденттері болып табылмайтын жұмыскерлердің немесе Өнім берушінің басқа да жалданған персоналының кез келген жүйелі он екі айлық кезең шегінде жиынтығында күнтізбелік жүз сексен үш күннен артық Қазақстан Республикасының аумағында болмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Өнім беруші Конвенцияны заңды қолдану үшін талаптарды бұзған немесе сақтамаған жағдайда, мұндай бұзушылық фактісін Қазақстан Республикасының салық органы белгілейді немесе мұндай бұзушылық тәуекелі аудиторлық компанияның қорытындысы негізінде айқын (жоғары ықтимал) болады, соның салдарынан Тапсырыс беруші салық агенті ретінде Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезиденттердің кірістерінен тиісті салықты төлеуге міндетті болады, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге Тапсырыс берушінің ақы төлеуіне байланысты, Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезиденттердің кірістерінен Тапсырыс беруші нақты төлеген салық сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді. (бұл тармақ ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда қолданылады).

2.17. Қазақстан Республикасының аумағына Тауарды импорттауға байланысты, Тауарды кедендік тазартуға байланысты кедендік алымдарды және өзге шығындарды төлеуді Өнім беруші жүргізеді. Тауардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына байланысты төленуге жататын салықтарды, кедендік баждарды төлеуді Өнім беруші жүргізеді, ал Тапсырыс беруші елінен тыс жерде Тауарды жеткізуге байланысты барлық салық салуды, кедендік баждарды және басқа да шығыстарды Өнім беруші төлейді (бұл тармақ INCOTERMS 2020 шарттарына байланысты қолданылады) (Осы тармақ, егер Өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.18. Тапсырыс беруші елінің аумағында Шартты және басқа да ілеспе құжаттарды орындау кезінде туындайтын банк шығыстарын Тапсырыс беруші төлейді, Тапсырыс беруші елінің аумағынан тыс - төлем алушы төлейді (егер ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда, осы тармақ қолданылады).

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес мекенжай бойынша және мерзімде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауарды Өнім беруші Тапсырыс берушіге DDP (INCOTERMS 2020), Қазақстан Республикасы шарттарында жеткізеді.

3.3. Тауарды жеткізу күні тауардың жеткізу орнындағы Тапсырыс берушінің қоймасына нақты түскен күні болып есептеледі. Тапсырыс берушінің Веб-порталда тауарды қабылдау-берудің электрондық актісіне қол қойған күні Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау күні болып есептеледі. Саны мен сапасы бойынша тауарды беру шарттың талаптарына және Шартқа № 1, № 2 қосымшаларға сәйкес тауарды қабылдау-берудің электрондық актісі негізінде жүзеге асырылады. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі веб-порталда тауарды қабылдау-беру актісіне Тапсырыс беруші қол қойған күннен бастап өнім берушіден тапсырыс берушіге ауысады. Тауарды жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізілген.

3.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Тауарды жөнелтуге (беруге) дайын болу мерзімі туралы жазбаша хабардар етеді. Өз тарапынан Тапсырыс беруші хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Өнім берушіге Тауарды Өнім беруші ұсынған мерзімде қабылдауға дайын екендігі туралы немесе Тауарды тиеп-жөнелтудің (берудің) өзге де ұсынылатын мерзімі туралы жазбаша хабарлайды. Егер Тарап тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде, одан қандай да бір жазбаша қарсылықтар түспесе, хабарламада ұсынылған Тауарды тиеп-жөнелту (беру) мерзімі келісілген болып есептеледі.

3.5. Жеткізуге жататын тауардың мынадай ілеспе құжаттары болуы тиіс:

3.5.1. Әр қаптаманың мазмұны көрсетілген қаптама парағының көшірмелері (әр қаптамаға 1 (бір) дана);

3.5.2. Дайындаушы (жөнелтуші) берген Тауардың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе дайындаушы берген Тауардың толықтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдіктері туралы мәліметтерді немесе ақпарат Тауардың өзінде және/немесе оның қаптамасында көрсетілсе не Тауардың сапасы дайындаушының мөртабанымен немесе Тауардың өзінде және/немесе көрсетілген белгілердің толық жазбасы бар оның қаптамасындағы белгілермен расталған (Тауардың әрбір түріне 1 (бір) дана) (егер сатып алу шарттарында көзделген жағдайда) жағдайды қоспағанда, Тауардың сапасын және Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттар;

3.5.3. Қазақстан Республикасының сертификаттау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы берген Тауардың сәйкестік сертификатының белгіленген үлгісінің түпнұсқасы немесе көшірмесі (Тауардың әрбір түріне 1 (бір) дана) не Кеден одағының декларациясы (егер сатып алу шарттарында көзделген жағдайда);

3.5.4. ҚР заңнамасына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактура;

3.5.5. Жүккұжаттың түпнұсқасы; (2 (екі) дана) (Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қойған шығыс жүккұжатының екі данасының бірі көрсетілген шығыс жүккұжаты бойынша Тауарды алуға арналған сенімхаттың түпнұсқасымен бірге Өнім берушіге қайтарылуы тиіс);

3.5.6. Инвойстың түпнұсқасы (1 (бір) дана) (Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.5.7. Көлік жүккұжаттың түпнұсқасы (1 (бір) дана) (Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін);

3.5.8. Экспорттық декларацияның түпнұсқасы (1 (бір) дана) (Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін).

3.6. Өнім беруші ілеспе құжаттардағы ақпараттың дұрыстығына жауап береді.

3.7. Өнім беруші Тауарды қоймаға жеткізу/Тауарды (партияны) жүк жөнелтушіге беру күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей Тапсырыс берушімен жеткізілетін Тауарға жөнелту құжаттарын келісуі тиіс.

3.8. Тауарды жеткізу бөгде көлік ұйымын тарту арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда, Өнім беруші өз атынан Тауарды тасымалдауға шарт жасауға, Тауардың жөнелтілуін қамтамасыз етуге, көлік ұйымының жеткізу бойынша қызметтеріне ақы төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте, Өнім беруші көлік ұйымының әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін Шартқа сәйкес жауапты болады.

3.9. Өнім беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған кезде Өнім беруші жеткізген Тауардың өндіруші зауыттарында өндірілгенін растайтын өндірушіден не оның ресми өкілінен жаңа, пайдаланылмаған және қалпына келтірілмегенін растайтын хат ұсынуға тиіс (егер осы талап сатып алу Тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдап алу-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.2. Қазақстандық Тауар өндіруші ретінде Өнім берушінің мәртебесін растайтын қазақстандық Тауар өндірушілер тізілімінен тараптардың Тауарды қабылдау-берудің тиісті электрондық актісіне қол қойған күніне жарамды үзінді көшірме. Көрсетілген үзінді көшірмені Өнім беруші Веб-портал арқылы Тапсырыс беруші тиісті актіге қол қойған күнге дейін ұсынады. (Осы тармақ, егер тиісті талап сатып алу Тәртібінде және/немесе шарттарында көзделген жағдайда қолданылады.)

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

4.1.5. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші аванстан (алдын ала төлемнен) бас тартқан және Тәртіптің 43-тармағының 8-тармағымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда _____ түріндегі Шарт бойынша аванстық (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейінгі әрекет ету мерзімімен аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізуді қамтамасыз ету; Егер Өнім беруші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші, Өнім берушіге жазбаша хабарлама жолдау арқылы, осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

4.1.6. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім беруші сатып алынатын жабдықты өндіруші зауыттан не оның ресми өкілдігінен авторизациялық хат беруге міндетті. Хат ұсынылмаған жағдайда Өнім берушімен шарт Шарттың 9.3.5-тармағына сәйкес бұзылады (егер сатып алу шарттарында көзделген жағдайда).

4.1.7. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартты жасасуға және орындауға байланысты бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамаларға мерзімді аудит (тексеру) жүргізуге мүмкіндік беруге міндеттенеді.

4.1.8. Жеткізуші осы Шартқа қол қоя отырып, «Қазақтелеком» АҚ-ның корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақтелеком» АҚ Өнім беруші кодексінің ережелерімен танысқанын және олармен келісетінін растайды.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.2.4. Егер мұндай талап сатып алу шарттарында көзделсе, Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету;

4.2.5. Егер мұндай талап сатып алу талаптарында көзделсе, Тапсырыс берушіден шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету;

4.2.6. Тапсырыс берушімен жеткізу мерзімдерін алдын ала келісе отырып, Тауарларды мерзімінен бұрын жеткізуді және партиялармен жеткізуді жүзеге асыру.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Егер мұндай талап сатып алу талаптарында көзделген болса, Өнім берушіге авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізген қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына қайтару;

4.3.5. Егер мұндай талап сатып алу талаптарында көзделсе, Өнім берушіге шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару;

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

4.4.4. Өнім берушіден келтірілген тұрақсыздық айыбы мен залал сомасын төлеуді талап ету.

4.4.5. Өнім беруші Тауарды мерзімінен бұрын жеткізген жағдайда, Тауарды қабылдау және шарт талаптарына сәйкес ол үшін ақы төлеу.

4.4.6. Жеткізілген тауарға сапа мәселелері бойынша шағым туындаған жағдайда, сараптамалар, сынақтар, талдаулар және т.б. жүргізу үшін сынама үлгілерін іріктеп алу.

4.4.7. Осы Шартта белгіленген көлемде, мерзімде және сапада Тауарды жеткізуді талап ету.

4.4.8. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарды оның техникалық сипаттамасына және Шарттың талаптарына сәйкестігіне тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмаған ақаулар (жасырын ақаулар) бойынша шағымды Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті кемшіліктер анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда ұсынады. Өнім беруші шағымды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде дәлелді жазбаша жауап беруге міндетті. Көрсетілген мерзімде жауаптың болмауы анықталған сәйкессіздіктер фактісін растау болып саналады және өнім берушіні оларды жою міндетінен босатпайды. Сәйкессіздіктер расталған жағдайда, Өнім беруші өз есебінен және өз тәуекеліне 10 (он) күнтізбелік күн ішінде анықталған кемшіліктерді жоюға, жеткізілмеген тауарды жеткізуге не, қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша тауардың барлық партиясын қоса алғанда, тауарды ауыстыруға міндетті.

5.4. Анықталған кемшіліктерді жою осы Шарттың 5.3-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.5. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарға ескертулер болған кезде, Өнім беруші Шарттың 5.3-тармағына сәйкес барлық ескертулерді толық жойғанға не Тауарды ауыстырғанға дейін, Тауарды қабылдау-берудің электрондық актісіне қол қоймауға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.6. Өнім беруші Шарттың 3.4-тармақшасына сәйкес, жөнелту басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын, Тапсырыс берушіге Тауардың жөнелтуге дайындығы туралы хабарлайды.

5.7. Тауарды орындар саны бойынша түсіру мен қабылдауды алушы филиал межелі жерде жүзеге асырады. Түсіру және қабылдау кезінде алушы филиал Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес құжаттар жасайды және оларға қол қояды.

5.8. Егер Тапсырыс беруші тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өнім берушіге кепілдік мерзімі шегінде жасырын ақаулар анықталған жағдайларды қоспағанда, тауардың тиісінше саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

5.9. Өнім беруші тауарды берумен бір мезгілде Тапсырыс берушіге жиынтықтауыштарды, сондай-ақ оларға қатысты құжаттарды (жиынтықтылығын, сапасын, пайдалану тәртібін және т.б. куәландыратын құжаттар) беруге міндетті.

5.10. Өнім берушінің Тауарды жеткізу жөніндегі міндетін атқару, Тауардың Өнім берушіден Тапсырыс берушіге кездейсоқ жойылу немесе бүліну тәуекелінің ауысу, сондай-ақ Тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдау сәті, тараптардың Веб-порталда қалыптастырылған және Тапсырыс берушіде сапаға талаптар болмаған жағдайда, саны, жиынтықтылығы және Тауарға қойылатын өзге де талаптар, сондай-ақ шартта көзделген барлық құжаттама болған кезде. ЭЦҚ арқылы қол қойылған Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қою сәті болып табылады.

5.11. Бұл ретте тауар өнім беруші берген және тауарды алушы қабылдаған болып есептеледі:

5.11.1. Саны, ассортименті және жиынтықтылығы бойынша - Тауардың нақты болуы бойынша тексерілгеннен кейін: жүккұжатты қоса алғанда, ілеспе құжаттарда көрсетілген орындардың саны, саны, ассортименті және жиынтықтылығы бойынша;

5.11.2. Сапа бойынша - сәйкестік сертификаттарына және сапа сертификаттарына сәйкес (егер Тауар сертификаттауға жататын болса). Тауар тиісті сапада және толық болуы, осы Шарттың талаптарына сәйкес келуі және осы түрдегі Тауар әдетте пайдаланылатын мақсаттарға жарамды болуға тиіс. Тауардың сапасы тараптардың Веб-порталда Тауарды қабылдау-берудің электрондық актісіне қол қойған күні айқындалады. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Өнім беруші, егер мұндай құжаттарды ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында не осы Шартта көзделген болса, Тауардың сапасын растайтын құжаттар мен сынақ нәтижелерін ұсынуға міндетті.

5.12. Саны, ассортименті, сапасы, толықтығы туралы талаптарға сәйкес келмейтін Тауар деп келісілген нормативтік құжаттаманың талаптарына, стандарттардың, техникалық шарттардың талаптарына, осы Шарттың талаптарына бір немесе бірнеше талаптары сәйкес келмейтін Тауар не Тауардың сапасын куәландыратын ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкес келмейтін Тауар есептеледі.

5.13. Кемшіліктер анықталған жағдайда Тараптар сәйкессіздік актісін жасайды. Сынақтар және (немесе) өлшеулер жүргізу қажет болған кезде Тапсырыс беруші Өнім берушінің өкілімен және қажет болған жағдайда, тәуелсіз сарапшымен бірлесіп үлгілерді іріктеуді жүзеге асырады және оларды сынақтар жүргізу және (немесе) Тауарды сырттай қарау үшін аккредиттелген зертханаға жібереді. Зертхананың хаттамалары негізіндегі сынақтардың нәтижелері бойынша Тараптар сәйкессіздіктің қорытынды актісін жасайды. Өнім беруші қатысудан бас тартқан не Тапсырыс берушінің хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның өкілі келмеген жағдайда, Сәйкессіздік актісін Тапсырыс беруші Өнім беруші өкілінің бас тартқаны не келмегені туралы белгімен біржақты тәртіппен жасайды. Мұндай актінің заңды күші болады және Тапсырыс берушінің осы Шартта көзделген құқықтарды іске асыруы үшін негіз болып табылады.

5.14. Көрсетілген жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушінің хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісінше жеткізілмеу фактісін қарауға, тиісті шешім қабылдауға және бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндеттенеді. Өнім беруші өз есебінен анықталған кемшіліктерді, толық жеткізілмеуді немесе Шарт талаптарына өзге де сәйкессіздіктерді техникалық ерекшелікте белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған жағдайда — Тапсырыс берушінің тиісті хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей жоюға міндеттенеді.

5.15. Алған бетте сапаны бақылау шеңберінде, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша жеткізілетін әрбір партияның кемінде 10% көлемінде, бірақ Тапсырыс беруші белгілеген бақылау әдістемесі бойынша әрбір Тауар атауының кемінде бір бірлігі көлемінде жеткізілген Тауарды іріктеп тексеруді, оның ішінде Тапсырыс берушінің өз сынақ зертханасында сынақтар жүргізе отырып, Тапсырыс берушінің көбірек Тауар көлемін немесе Тауардың барлық партиясын тексеру құқығын шектеусіз жүзеге асыруға құқылы.

5.16. Тауар осы Шарттың, техникалық ерекшеліктің, стандарттардың, нормативтік құжаттаманың не ілеспе құжаттардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Тауар партиясы тасымалдауға, сақтауға, сараптамаға және қайта жеткізуге байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, қабылдаудан, Өнім берушіге қайтарудан не Өнім берушінің есебінен қайта өңдеуден бас тартуға жатады.

5.17. Қабылдау және (немесе) алған бетте бақылау барысында анықталған барлық ақаулар міндетті түрде құжаттамалық ресімделуге жатады және тиісті қабылдау актісінде, сәйкессіздік актісінде және (немесе) осы Шартта көзделген Тапсырыс берушінің құқықтарын іске асыру үшін жеткілікті негіз болып табылатын өзге де Тапсырыс берушінің құжатында тіркеледі.

5.18. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін жеткізілген Тауардан бас тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші оның сақталуын қамтамасыз етуге, жауапты сақтауға қабылдауға және жеткізілген Тауарды қабылдамаудың дәлелді негіздемесін жолдау арқылы бұл туралы Өнім берушіні дереу хабардар етуге міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.19. Тапсырыс беруші Тауарды жауапты сақтауға қабылдаған жағдайда, Өнім беруші 7 (жеті) жұмыс күні ішінде аталған Тауарды әкетуге немесе Тауардың тағдыры үшін одан әрі жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, оған өзгеше түрде билік етуге міндетті.

5.20. Егер Өнім беруші тауардағы кемшіліктер оны бергеннен кейін, Тапсырыс берушінің тауарды пайдалану немесе оны сақтау қағидаларын не үшінші тұлғалардың іс-әрекеттерін немесе еңсерілмейтін күштерді бұзуы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, осы Шартқа қол қоя отырып, Тараптар өнім беруші тауардың анықталған сәйкессіздіктеріне және (немесе) кемшіліктеріне байланысты Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыруға міндеттенетінін келіскен.

5.21. Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасында Тауардың сәйкессіздіктері және (немесе) кемшіліктері немесе олардың себептері жөнінде дау туындаған кезде, Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша сараптама тағайындалуы мүмкін. Сараптама Өнім берушінің іс-әрекеттері мен Тауардың анықталған сәйкессіздіктері және (немесе) кемшіліктері арасында шартты бұзушылықтардың немесе себеп-салдарлық байланыстың жоқтығын анықтаған жағдайларды қоспағанда, осы шығыстарды Өнім беруші кейіннен өтей отырып, талап етуі бойынша сараптама тағайындалған Тарап сараптама жүргізу жөніндегі шығыстарды көтереді. Мұндай жағдайларда сараптама бойынша шығыстарды оны тағайындауды талап еткен Тарап көтереді, ал егер сараптама Тараптар арасындағы келісім бойынша тағайындалса - екі тарап та тең төлейді.

6. Қаптама және таңбалау

6.1. Тауар тиісті қаптамаға салынуы тиіс. Қаптама жеткізу орнына дейін және қойма үй-жайларында сақтау кезінде тиісті көлік түрімен тасымалдау кезінде Тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға, басқа нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес келуі керек. Қаптама қолмен және механикалық тиеу (жүк көтергішпен) мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

6.2. Қаптама (ыдыс) орыс және қазақ тілдерінде суға төзімді және өшпейтін бояумен таңбаланады. Таңбалау нақты болуы керек және келесі мәліметтерді қамтуы керек:

6.2.1. Тапсырыс беруші; Жүк алушы; Шарт нөмірі; Тауар өндіруші; Тауар саны; Тауар белгісі; Тауардың шартты белгісі; Орын нөмірі (жәшік, контейнер); Таза салмағы, жалпы салмағы; Ыдыстың өлшемдері см. (ұзындығы, биіктігі, ені); Таңбалаудың басқа да белгілері болуы мүмкін, олардың болуы тауардың ерекше сипатымен болжанады.

6.3. Өнім беруші экспорттық қаптама стандарттарына сәйкес келетін күшейтілген қаптамада, көліктің кез келген түрімен қауіпсіз тасымалдауда және осындай түрдегі Тауарды сақтауда Тауарды (Тауардың кез келген және барлық құрамдас (жинақтаушы) бөліктерін) беруді қамтамасыз етеді.

6.4. Тапсырыс беруші сақтау бойынша техникалық және климаттық талаптар негізінде тиісті сақтау шарттарын қамтамасыз етуі тиіс.

6.5. Өнім беруші Тауар ыдысқа салынып, оның бүлінуін, зақымдануын және (немесе) жойылуын болдырмайтындай етіп Өнім беруші буып-түйюі тиіс. Қаптама ешқандай шектеусіз қарқынды көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температураның, тұз бен жауын-шашынның әсеріне төтеп беруі тиіс.

6.6. Өнім беруші сенімсіз қаптамамен және қате таңбалаумен байланысты барлық шығындар және/немесе ақаулар үшін толық материалдық жауапкершілікке ие.

7. Кепілдіктер мен сапа

7.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциямен, материалдармен немесе жұмыспен байланысты ақаулары болмауын қамтамасыз етеді.

7.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-берудің электрондық актісіне Веб-порталда қол қойған күнінен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

7.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауардың ақаулары немесе оның Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Өнім беруші өз есебінен Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ақаулы Тауарды жаңасына ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауарға кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

7.4. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7.5. Жеткізілген Тауардың сапасы және/немесе жиынтықтылығы мәселелері бойынша шағымды (жарнаманы) Тапсырыс беруші кепілдік кезеңі ішінде Өнім берушіге ұсынады. Өнім беруші шағымды (жарнаманы) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарауға міндетті. Егер Өнім беруші аталған мерзімде жауап бермесе, мұндай шағым (жарнама) Өнім беруші мойындаған болып саналады.

7.6. Кепілдік Тауарды жеткізуге ілеспе техникалық құжаттамада көрсетілген Тауарды пайдалану жөніндегі талаптардың бұзылуынан туындаған ақауларға қолданылмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.7. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жөнделген және (немесе) ауыстырылған Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен басталады. Ақаулы Тауарды жөндеу немесе ауыстыру бойынша барлық шығындарды және басқа да байланысты шығындарды да Өнім беруші көтереді.

7.8. Өнім беруші жаңа, пайдаланылмаған (пайдалануда) Тауарды жеткізуді жүзеге асырады және жеткізілетін Тауардың жоғары сапасына кепілдік береді. Тауардың саны, номенклатурасы мен сапасы сатып алынатын Тауардың тізбесіне (Шартқа №1 қосымша), техникалық ерекшелікке (Шартқа №2 қосымша), Тауардың әрбір түріне арналған нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, СТ, ОСТ, ТУ, техникалық тәртіптеме және т.б.) талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

8.2.2. Өнім беруші Шартта көзделген Тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт бойынша орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.2.3. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт бойынша орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.2.4. Егер осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші Қазақстандық Тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші Шарттың жалпы сомасының 20%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді (осы тармақ тиісті талап Тәртіпте және/немесе сатып алу талаптарында көзделген жағдайда қолданылады).

8.2.5. Өнім беруші Қазақстандық Тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме беру жөніндегі міндеттемені орындамау фактісін анықтаған кезде, Тапсырыс беруші Өнім берушіні Қордың Тауар өндірушілер тізілімінен алып тастау мақсатында растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осындай факт анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу жөніндегі Қор операторына тиісті мәліметтерді жібереді.

8.2.6. Шарттың 9.3-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, Шарттың 9.3-тармағының 3) тармақшасын қоспағанда, Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

8.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан (оның ішінде шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету/аванстық қайтару сомаларынан, сондай-ақ Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы өзге де сомаларынан/берешегінен) ұстап қалуына келіседі, өсімпұл сомасын, тұрақсыздық айыбын ұстап қалу туралы Тапсырыс беруші Шарттың 10.3-тармағының талаптарына сәйкес Өнім берушіні хабардар етеді.

8.4. Егер Өнім беруші Шарттың 4-бөлімінде белгіленген мерзімдерде аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізбесе, Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванс төлемей, Шарттың 2.6-тармағында белгіленген мерзімдерде жүзеге асырады (Осы тармақ тиісті талап Тәртіпте және/немесе сатып алу талаптарында көзделген жағдайда қолданылады).

8.5. Егер Өнім беруші Шарттың 4-бөлімінде белгіленген мерзімдерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Тапсырыс беруші Өнім беруші туралы мәліметтерді Қордың Жосықсыз өнім берушілер тізбесіне енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпаратты Қордың сатып алу жөніндегі операторына жібереді (Осы тармақ тиісті талап Тәртіпте және/немесе сатып алу талаптарында көзделген жағдайда қолданылады).

8.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.6.2. Өнім беруші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді (Осы тармақ аталған талап Тәртіпте / сатып алу талаптарында көзделген жағдайда қолданылады).

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.6.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс (Осы тармақ аталған талап Тәртіпте/ сатып алу талаптарында көзделген жағдайда қолданылады).

8.6.4. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.6.5. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарт талаптары бойынша Тауарды жеткізу үшін Тапсырыс берушінің Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген, құжаттармен расталған залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомадан Өнім берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын, сондай-ақ осындай бұзушылық салдарынан туындаған залал сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.8. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Тауарды нақты жеткізген кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.9. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

8.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.11. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды және/немесе айыппұлды) төлеу Тараптар тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде жүзеге асырады.

8.12. Егер Өнім беруші жеткізілетін Тауардың Тауар өндірушісі болып табылған жағдайда, осы Шарттың 8.2.4-тармағында көзделген айыппұлды қоспағанда, Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін есептелетін айыппұлдардың және (немесе) өсімпұлдардың жалпы мөлшері осы Шарт сомасының 10% (он пайызынан) аспауға тиіс.

8.13. Өсімпұл төлеу туралы талап жазбаша түрде тиісті түрде ресімделуі тиіс, олай болмаған жағдайда, тұрақсыздық айыбы есептелмейді және төленбейді.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

9.3.1. Осы Шартты орындау үшін қажетті Өнім берушінің рұқсат беру құжаттарының болмауы не қолданылу мерзімінің өтуі;

9.3.2. Өнім беруші Тапсырыс беруші сүйенген Шартты орындау үшін маңызы бар мән-жайлар туралы дәйексіз куәліктер берген;

9.3.3. Өнім берушінің Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін қандай да бір үшінші Тарапқа беруі;

9.3.4. Өнім берушінің Шарттың мазмұнын, техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, модельдерді, үлгілерді және өзге де мәліметтерді қоса алғанда, шартты жасасуға және (немесе) орындауға байланысты құпия ақпаратты жария етуі;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3.5. Егер Өнім беруші 4.1.7-тармақта белгіленген мерзімде Тауар өндірушіден авторизациялық хат ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен шарттан бас тартуға құқылы. (Егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

9.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9.5. Өнім беруші мына жағдайларда шартты орындаудан екінші Тарапқа бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлама жіберу жолымен бас тартуға құқылы:

9.5.1. Тапсырыс берушіні белгіленген тәртіппен банкрот деп тану, Тапсырыс берушіге қатысты қайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі рәсімдерді қозғау;

9.5.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда;

9.5.3. Тапсырыс берушінің Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ шартты жасасуға және (немесе) орындауға байланысты техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе басқа ақпараттың мазмұнын біреуге ашуы.

9.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.7. Егер шарт тараптардың бірінің кінәсінен бұзылған жағдайда, екінші Тарап кінәлі тараптан Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар үшін, сондай-ақ қойылған тұрақсыздық айыбының, өсімпұл мен айыппұлдардың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9.8. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада бас тарту себебі, күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне енетін күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде, Өнім беруші Шарт бұзылған күнге дейін Шартты орындауға байланысты іс жүзінде шеккен шығындарын ғана төлеуді талап етуге құқылы. Алдын ала хабарлау жөніндегі міндеттемелер Өнім берушінің аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайларға қолданылмайды.

9.9. Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабының 1-тармағы 8) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайларда, Өнім беруші негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомадан бас тартқан кезде, шарт тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9.10. Шарт Тарап тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң бұзылды деп есептеледі.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

10.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

10.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10.6. Тараптың атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, банк деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап бұл туралы екінші Тарапты 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Шартқа өзгерістер енгізуді талап ететін өзгерістер Шартқа қосымша келісім жасау арқылы ресімделеді. Заңды және (немесе) нақты мекенжайы өзгерген жағдайда, Шартқа қосымша келісім жасау талап етілмейді; мұндай өзгерістер екінші Тарап үшін тиісті жазбаша хабарламаны алған күннен бастап жарамды болып есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабардар ету) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

12.3. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары қатарынан 3 (үш) ай бойы әрекет етсе және тоқтату белгілерін анықтамаса, осы Шартты Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы бұзуы мүмкін.

12.3.1. Бұл жағдайда Тараптар Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде орындалмаған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысулар жүргізеді (ақшаны қайтару, өзара есеп айырысулар жүргізу).

12.4. Егер Тапсырыс беруші заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің қызметіне тыйым салуды/шектеуді растайтын құжат болып табылмаса, уәкілетті орган берген, еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталғаны туралы куәландыратын құжатты қабылдамауға құқылы.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

14.9. Осы Шарт бойынша Өнім беруші сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына кепілдік береді және оны сақтауға, сондай-ақ "Қазақтелеком" АҚ-ға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының кез келген болжамды және нақты бұзушылықтары туралы "жедел желі" арқылы хабарлауға және Тәртіп талаптарын сақтауға міндеттенеді.

14.10. Өнім беруші Тапсырыс берушіге барлық қосалқы мердігерлер мен үлестес тұлғалар туралы ақпаратты, сондай-ақ түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуі туралы ақпаратты ашуды және тексеруді жүргізуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.11. Өнім беруші осы Шартқа қол қою арқылы https://telecom.kz/ru/pages/13695/172465?utm_source=footer&utm_medium=org&utm_campaign=newlink" сілтемесі бойынша ресми сайтта "Қазақтелеком" АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын және қабылданғанын растайды.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

15.3. Осы бөлім Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сот қараған жағдайларға қолданылмайды.

16. Санкциялық ескерту

16.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім арта отырып. Өнім беруші: (A) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) Sdn санкциялар тізіміне енгізілмеген (арнайы жобаланған ұлттар мен бұғатталған тұлғалар тізімі – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign тізімі Financial Institutions subject to Correspondent Accөнім берушіount or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе түпкілікті төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-Sdn Menu-Based Санкциялар тізімі – Sdn-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets control of U. S.өнім беруші Department of the Treasury), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізімі; Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

16.2. Егер Өнім берушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Өнім беруші екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, Өнім берушінің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

16.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

16.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

16.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

16.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

16.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 16.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 16.5 және 16.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

16.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны теңге («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

16.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 16.8 -тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

17. Өзге талаптар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

17.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалды, Тараптардың уәкілетті тұлғалары ЭЦҚ арқылы ЭСАЖ порталында электрондық түрде қол қойды және заңды күшке ие. Шартқа қатысты Тараптар алмасатын барлық хат-хабарлар мен өзге де құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

17.2. Тараптардың уәкілетті тұлғалары ЭЦҚ арқылы ЭСАЖ порталында электрондық түрде қол қойған жағдайда, осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

17.3. Тапсырыс берушінің "Самұрық - Қазына ҰӘҚ" АҚ (бұдан әрі-Қор) міндетті банктік ақпараттық пулына қатысуына байланысты Өнім берушімен шарт бойынша ақпаратты қамтитын, контрагенттің атауын, шот нөмірін, Төлемнің мақсаты мен сомасын қоса алғанда, Қордың SWIFT /ҚБЕО бірыңғай қауіпсіз арнасына банктік үзінді көшірмелер ұсынылуы мүмкін.

17.4. Шарт тараптарының ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімін алдын ала алмай, өзінің кез келген және/немесе барлық құқықтарын не міндеттемелерін үшінші тарапқа қайта табыстай алмайды немесе бере алмайды.

17.5. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

17.6. Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай қосымшалар бар:

17.6.1. "Сатып алынатын Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі" № 1 қосымша;

17.6.2. "Сатып алынатын Тауарға қойылатын егжей-тегжейлі талаптарды және Тараптардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін қамтитын техникалық ерекшелік" № 2 қосымша;

17.6.3. №3 қосымша "Тауарлардың/жұмыстардың/ қызметтердің елішілік құндылығы үлесінің болжамды/нақты есебі".

18. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Қазақтелеком" АҚ
Астана қ., "Есіл" ауданы, Сауран, 12
БСН 941240000193
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ446017131000000356
АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (717) 224-8907
_____ _____

_____
_____
_____
БСН _____
БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____
_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС санаттың атауы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	Бірлік бағасы	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
10476 Т	Экскаватор-тиегіш, жер қазу жұмыстарына арналған	Экскаваторлар	Сипаттама: -	8.000	8.000	Дана	48 905 172.42		391 241 379.36	ҚАЗАҚСТАН, Алматы қ., г. Алматы (СФ)	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 30%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 70%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Тауарларды жеткізу жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші	ТЖҚ БНА коды *, Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС коды, ТЖҚЖС санаттың атауы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.
Елішілік құндылық үлесі ҚР өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.08.2025 ж. № 327 бұйрығымен бекітілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке товаров №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Казахтелеком", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, _____ с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупке товара (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Поставщик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Поставщик обязуется поставить и передать в собственность Заказчика товары по ценам, параметрам и другим условиям, указанным в Договоре (далее - Товар), а Заказчик обязуется принять и оплатить Товар на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2. Поставщик подтверждает и гарантирует Заказчику, что Товар принадлежит Поставщику на праве собственности, на момент подписания Договора в отношении Товара отсутствуют какие-либо права третьих лиц и (или) обременения, в том числе: Товар не находится под запретом отчуждения, арестом, не является предметом залога и других способов обеспечения исполнения обязательств перед третьими лицами, в отношении Товара отсутствуют юридические притязания, Товар в силу требований законодательства не изъят из оборота и не ограничен в обороте, не является товаром запрещенным к продаже на территории Республики Казахстан.

1.3. Поставляемый Товар должен быть передан Заказчику новым, не бывшим в употреблении (использовании или эксплуатации), а также соответствовать всем условиям Договора и требованиям законодательства, предъявляемым к данному Товару.

1.4. Датой поставки (реализации) ГСМ считается дата фактической отгрузки ГСМ покупателю (получение ГСМ). Поставка ГСМ осуществляется посредством талона и/или карточной системе. При этом факт передачи талонов Заказчику не является подтверждением исполнения обязательств поставщиком по поставке ГСМ (Данный пункт применяется в случае закупки ГСМ).

1.5. Поставщик подтверждает, что Товар соответствует требованиям технической спецификации и поставляется собственного производства (в случаях, предусмотренных Порядком).

2. Сумма Договора и условия оплаты

